

72. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға қарым-қатынасты, сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде тенгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

73. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ыстық тамақ, сондай-ақ буфет жүйесі бойынша тамақтану, білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамактандыру ұйымдастырылады.

74. Мемлекеттік мекемеде тиісті жағдайлар жасау үшін оку жайларымен бірге алаңы бар материалдық активтердің меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару, немесе жалға алу құқығына тиесілі материалдық активтердің (оку кабинеттерінің, жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықтар мен жиһаздардың, бастауыш білім беру деңгейі үшін жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың; компьютерлік сыныптар мен интернет желісіне қосылған компьютерлермен қамтылудың, оку зертханалардың, спорт залдардың, медициналық пункттердің, асхана немесе буфеттің), ғимараттардың (оку корпустарының) болуы, сондай-ақ орта білім беру ұйымының жайларында және (немесе) оған іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы қажет.

75. Мемлекеттік мекеме білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер қорындағы деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

76. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білім берудің бөлектілік қағидатын сақтайды. Діни тәрбиенің кез- келген түріне жол берілмейді.

77. Саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдастырушылық құрылымдарының құрылудына және қызмет етуіне жол берілмейді.

78. Оқытудың зайырлы сипатын іске асыру және мемлекеттік мекеменің білім алушылары арасындағы әлеуметтік, мұліктік және өзге де өзгешеліктердің белгілерін жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндettі мектеп ~~ф~~ормасына қойылатын талаптар белгіленеді.

79. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын мемлекеттік мекеме мен қоғамдық кеңес айқындайды, жалпы мектепішлік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

80. Міндettі мектеп формасына қойылатын талаптар мемлекеттік мекеме фойесінде, ал таныстыру мақсатында мемлекеттік мекеменің Интернет-ресурстарында жарияланады.

81. Басшы (директор) міндettі мектеп формасына қойылатын талаптармен ата-аналарды немесе заңды өкілдерді білім алушыны білім беру

ДМ

Р. Жұфаров

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі

21 22 01

ЗАҢДЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК
КАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ

БИН № 970340002265

Куалік

Алашты тіркелген күн: 19 97 04 03

1

Кызылорда облысының
экономика және қаржы
басқармасының 2022 жылғы
«05» 12
№ 01-17-38 бүйрығымен бекітілген

«Кызылорда облысының білім басқармасының
Кызылорда қаласы бойынша білім белімінің № 7 мектеп-лицейі»
03 ГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ЕНГІЗІЛДІ

Жарғыза

09 12 20 22

1. Жалпы ережелер

1. «Кызылорда облысының білім басқармасының Кызылорда қаласы бойынша білім белімінің № 7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме үйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мэртебесіне ие коммерциялық емес үйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме «Облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың кейбір мәселелері туралы» Кызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қантардағы №180 қаулысымен қайта аталды.
4. «Кызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Кызылорда облысының әкімдігі атынан мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы ретінде әрекет етеді.

5. Мемлекеттік мекеменің уәкілетті органы «Кызылорда облысының білім басқармасының Кызылорда қаласы бойынша білім белімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы), сондай-ақ мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Кызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы орган) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы:

- мемлекеттік тілде: «Кызылорда облысының білім басқармасының Кызылорда қаласы бойынша білім белімінің № 7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Школа-лицей №7» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области».

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Кызылорда облысы, индексі 120016, Кызылорда қаласы, Фани Мұратбаев көшесі, ғимарат №78.

Д/4

РД

Жеке 8

үйымына қабылдау туралы өтініш беру кезінде қол қойғызы арқылы және жалпы мектепшілік ата-аналар жиналышында таныстырады.

82. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайларда шектеу іс-шаралары алынғанға, төтенше жағдай қолданысы, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды мемлекеттік мекемеге киіп бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ынғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

83. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары құрылады. Білім беру үйымының алқалық басқару нысандары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

8. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

84. Мемлекеттік мекеме бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымды бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

85. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беріледі.

9. Білім алушыларды, тәрбиленушілерді оқудан шығару негіздері және тәртібі

86. Білім алушылар мемлекеттік мекемеден құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін басшының (директордың) бұйрығымен шығарылады.

Он алты жасқа дейінгі балаларды шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

87. Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

88. Мемлекеттік мекемеден шығарылған кәмелетке толмаған балалардың жалпы орта білім алуы жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша жалғастырылады.

89. Бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бір орта білім беру үйымынан басқасына

Olu

Андрей Фурман

ауыстыруды растайтын күжаттардың негізінде мемлекеттік мекеме басшысының (директорының) бұйрығымен жүргізіледі.

90. Білім беру үйімінан шықкан адам басқа білім беру үйіміна келуі туралы талон ұсынады, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы көрсетілген мектебі көрсетіледі, содан кейін оған тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы көрсетілген мектебі көрсетілген кету туралы есептен шыгару талоны және оның жеке ісі беріледі.

Кету туралы есептен шыгару талоны білім алушының келуі және жеке ісін тапсыруы үшін білім беру үйімінан ұсыну үшін беріледі.

10. Ақылы қызмет ұсынудың тізбесі және тәртібі

91. Мемлекеттік мекеме көрсететін білім беру қызметтері білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бюджет қаражаты есебінен, тегін көрсетіледі.

92. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша ақылы негізде мынадай:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;
- 2) оку жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оку уақытынан тыс пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактар үйімдастыру;
- 3) пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді үйімдастыру;
- 4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жүртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оку-әдістемелік әдебиетті өзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар үйімдастыру және өткізу;
- 5) музика аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;
- 6) жазғы демалысты үйімдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру үйімінде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;
- 7) ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынуға құқылы.

93. Мемлекеттік мекеме дene шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыш жайларын мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

94. Мұліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

- 1) МӘЖМЕС талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мемлекеттік мекеменің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 2) өздерінің деңсаулығы үшін қамқорлық жасауға, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 3) міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;
- 4) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

104. Окышылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға мемлекеттік мекеменің ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

105. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:
 - 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тараپынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
 - 3) мамандыққа құрметпен қарастыруға және білім алушылар, тәрбиленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарарапынан тиісті мінезд-құлыққа;
 - 4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;
 - 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
 - 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оку құралдарын, оку материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
 - 8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге қатысуға;
 - 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
 - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
 - 11) коммуналдық мемлекеттік мекеменің алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға;

СН

Нұр

Алессанд

- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таптауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын берілуіне;
- 15) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуіне;
- 16) өзіне қатысты қабылданған коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының актілеріне, іс-әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрган лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
- 17) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

106. Педагогтің құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

107. Педагог:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді менгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын МЖБС-да көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге міндettі;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растаяуға);
- 4) педагогикалық әдепті сақтауға міндettі;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндettі мерзімдік медициналық қарап-тексеруден етуге міндettі;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, улкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;
- 9) өмірлік қыын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшылығын дереу хабардар етуге міндettі;
- 10) құқық қорғау органдарына және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде коммуналдық мемлекеттік мекемеден тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікі) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

db

A *Нұржан* *Алессей*

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге міндетті.

108. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насхаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеге үшін пайдалануға құқылы емес.

12. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

109. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

110. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

111. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе онда білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсітін ақшаны қоспағанда мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

112. Мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті бюджеттен қаржыландырылады.

113. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

114. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілдегі органы жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

115. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

Дұ

 Айнур Ахметов

14. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

116. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге атқарушы органның бүйрығы бойынша жүзеге асырылады және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Занға сәйкес аймақтық тіркеу органдарында тіркеледі.

15. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

117. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

118. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

119. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

120. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырганнан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілдегі атқарушы орган қайта бөледі.

121. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

16. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы
мәліметтер

122. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жок.

Мемлекеттік мекеме директоры

Абдазиева Г.М

8. Мемлекеттік мекеме мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органы, мемлекеттік мекеме мен тиісті саланың уәкілетті органы, мемлекеттік мекеме әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ, оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете жаратылыстану-математикалық бағытта білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру, қолжетімді сапалы мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз ету болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын және оқушыларға тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқытуды қарастыратын, сондай-ақ қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы менгеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

15. Мектеп-лицейдің бағыттары: жаратылыстану-математикалық.

16. Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын менгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі – МЖМБС) көзделген базистік ғылыми негіздерді алуын қамтамасыз ету;

24

Министр
А.Назарбаев

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді қарметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез-келген көріністерге тәзбеушілікке тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау болып табылады.

17. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) кәсіптік білім бағдарламасын игеруге және тандауға дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген, мәдениеті жоғары интелектуалды тұлғаны қалыптастыру;

2) окуға қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау;

3) лицей сынып оқушыларын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт деңгейін арттыру арқылы оқыту;

4) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану негізінде оқушылардың өзіндік танымдық қызмет және шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту;

5) шығармашылық әлеуетін арттыруға қолайлы жағдайлар жасау;

6) жалпы білім беру процесінде алдыңғы қатардағы шетелдік және отандық педагогикалық тәжірибелі пайдалану, педагогтардың кәсіби құзіреттілігі мен шығармашылығын арттыру;

7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру;

8) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыру;

9) қосымша білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру;

10) білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуы, дамуының бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы жағдайлар жасау.

18. Мемлекеттік мекеме білім беру қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

20. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының заңдарында шектелген немесе құрылтай құралдарында не басшының (директордың) жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

21. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп беру жөнінде ұсыныс береді;

2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілдегі мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме басшысының (директорының) құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) мемлекеттік мекеме басшының (директорының) ұсынымы

бойынша оның орынбасарын (орынбасарларының) лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

9) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алыш қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

10) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге, уәкілетті атқарушы органға мемлекеттік мекеме жарғысын бекітуге, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсынады;

11) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Мемлекеттік мекеме басшысы (директоры) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

dk



24. Мемлекеттік мекеменің басшысы (директоры) мемлекеттік мекеме үйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

25. Мемлекеттік мекеменің басшысы (директоры) дара басшылық бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда ғындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Мемлекеттік мекеменің басшысының (директорының) мемлекеттік мекемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

27. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеме басшысы (директоры) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іс-сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелей және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) гендерлік тендік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын үйымдастырады;
- 12) сыйбайлаң жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты үйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілікте болады;
- 13) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

28. Іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізіміне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта (толық) білім беретін бағдарламалары, қосымша білім берудің оку бағдарламалары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламалары кіреді.

29. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оку ісіндегі он талшынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін окудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынас тәжірибесін, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

30. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Жалпы білім беретін оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

31. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.

32. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, сонымен катар үйде оқытын базаларға қажеттіліктерге сәйкес үлгілік оку жоспарларының негізінде жеке оку жоспарлары және үлгілік оку бағдарламаларының негізінде жеке оку бағдарламалары әзірленеді.

33. Жеке оку жоспарлары мен бағдарламаларын мемлекеттік мекеменің басшысы (директоры) бекітеді.

34. Мемлекеттік мекемеде қосымша білім берудің бағдарламалары іске асырылады.

35. Мектеп-лицейге білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар үйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есебінен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар және т.б. үйымдастыру үшін мұғалімдерге ~~0,25~~ ставкада, сондай-ақ шарт ~~негізінде~~ жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы ~~тапсын~~ үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қарожат бөлінеді. Факультативтік сабактар және таңдау бойынша курстар топтарда 10-нан астам ~~шам болған~~ жағдайда өткізіледі.

6. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

36. Мемлекеттік мекемеге балаларды қабылдау бастауыш, негізгі орта жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес ~~шарт~~ асырылады.

dk

A. Шурд

Алессандров

37. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды мемлекеттік мекемеге окуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге занды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медицинскаялық-психологиялық консультация қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

38. Бұрын шетелдік мектептерде оқыған білім алушылар Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының мектептерінде окуды жалғастырады. Мектептердің әкімшіліктері жергілікті білім беру басқармаларымен бірлесіп, олардың білім деңгейін анықтау үшін Комиссиялар құрады, оның жұмысының қорытындысы бойынша окушыны қазақстандық мектептің тиісті сыйныбына қабылдау туралы шешім қабылданады.

39. Білім алушылардың қатарына қабылдау мемлекеттік мекеме басшысының (директорының) бұйрығы негізінде жүргізіледі.

7. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабак режимі)

40. Мемлекеттік мекемеде оку процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек және оку жылышының ұзактығы 1-сыныптарда -35 оку аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда 36 оку аптасы болып айқындалған.

Оку жылды ішінде күзгі, қысқы, көктемгі каникулдар белгіленеді.

41. Білім алушылар, педагогтар, білім алушылардың занды өкілдері білім беру процесінің субъектілері болып табылады.

42. Мемлекеттік мекеменің персоналын жинақтау тәртібі Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасымен регламенттеледі.

43. Штат саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

44. Білім алушыларды оқулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

45. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, Жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оку бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

46. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарларын, оның ішінде оку процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оку жүктемесі бар оку жоспарларын дербес таңдап алады.

47. Мемлекеттік мекеме оку жұмыс жоспарларының үлгілік оку жоспарларына және МЖМБС-га сәйкестігін қамтамасыз етеді.

48. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет

ОА

Р. Чекін Ахмет

мекемелерінде, спорт гимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

49. Мемлекеттік мекеме базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің кұрамына кіретін және мемлекеттік мекеменің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын дербес әзірлеуді жүзеге асырады.

50. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

51. Оқу аптасының ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

52. Сабактар екі ауысымда өткізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау жүргізу мен желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

53. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді.

54. Мемлекеттік мекемеде сабактар кестесін оның басшысы (директоры) не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

Сабак кестесінде оқу сабактарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Сабак кестесі білім алушылар мен тәрбиленушілердің тамактануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

55. Окушылар үшін сабактар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде бес минут, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабактан кейін) отыз минутты құрайды.

Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабактан кейін әрқайсысы он бес минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

56. Сабактың ұзақтығы қырық бес минуттан аспайды.

57. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабактарының «сатылы» режимі қолданылады. Қыркүйекте үш сабак отыз бес минуттан, қазаннан бастап қырық бес минуттан жоспарланады. Сабактарда дene шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі. Бірінші сынып окушылары үшін жыл бойы қосымша бір апталық каникул көзделеді. Бастауыш мектепте қосарланған сабактарды өткізуге жол берілмейді.

58. Білім алушылардың, тәрбиленушілердің оқу жүктемесі, сабак режимі МЖМБС, санитариялық қафидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы деңсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекемесі бекітетін ережелермен айқындалады.

59. Мемлекеттік мекеме бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін тандауда дербес болады.

60. Мемлекеттік мекемеде қажет болған жағдайда мектепке дейінгі шағын орталықтар және бір жылдық мектепалды сыныптар ашылады.

61. Мектепке дейінгі шағын орталықтарда және мектепалды сыныптарда білім беру процесі мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше қызмет түрлерін: ойындар, құрастырулар, сурет салу, музика, театрландыру және басқа

да қызметтерді ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан қарауды, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып түрлі топтарда жұмыс жасау мүмкіндігін іске асыруды қарастырады.

62. Жалпы білім беретін сыныптарда, бастауыш білім беру сыныптарында оқушылардың саны Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес.

63. Мемлекеттік мекемеде ата-аналардың (занды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, жалпы сыныпта (екі баладан көп емес) үлгілік оку бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оку бағдарламасы бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту көзделген.

64. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды мемлекеттік мекемеден арнайы білім беру үйіміна ауыстыру психологиялық-медицина-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (занды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

65. Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ұзақ уақыт бойы мемлекеттік мекемеге бара алмайтын азаматтар үшін үйде тегін жеке оқыту үйімдастырылады.

66. Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды.

67. Логопедтік көмекке мүқтаж балаларды уақытылы анықтау; балалардағы ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарының алдын алу және түзету; балаларды мектепке дайындау және оқушылардың білім беру бағдарламаларын менгерудегі қыындықтарды еңсеру; сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды оқыту және дамыту бойынша педагогтер мен ата-аналарға және (немесе) балалардың өзге де занды өкілдеріне консультациялық көмек көрсету мақсатында мемлекеттік мекеме логопедтік пункт үйімдастыруға құқылы.

68. Жеке тұлғаның даму жағдайын бақылауды және оның мінез-құлқын түзетуді үйімдастыру үшін мемлекеттік мекемеде тиісті жылға көзделген жалақы қорының есебінен және шегінде психологиялық-педагогикалық қызмет күрілады.

69. Мемлекеттік мекеме жазғы уақытта балаларды сауықтыру үшін жағдай жасайды (балалар күндіз болатын мектеп жаңындағы лагерь жұмысы).

70. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің бірін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

71. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету үйімдастырылады.